

**"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бизнес-жоспарларына қойылатын талаптар" нұсқаулығын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директорының 2000 жылғы 30 қазандағы N 702 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 1 желтоқсанда N 1312 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 177 қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының/жинақтаушы зейнетақы қорлары төлемдерін алушыларының құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында, "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу кезінде заңды тұлғаларға қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) 1997 жылғы 03 қазандағы N 156а қаулысының 2-тармағы 4) тармақшасын орындау үшін, Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 5-тармағы 13) және 22) тармақшаларының негізінде Ұлттық комиссияның (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты Қаулы етеді:

1. "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бизнес-жоспарларына қойылатын талаптар" нұсқаулығы бекітілсін (қоса берілді).

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап не Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің осы Қаулының тіркеуге жатпайтындығы туралы хаты алынған күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Нұсқаулықты зейнетақы активтерін

инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының және жоғарыда аталған Нұсқаулықтың орындалысына бақылау жасасын.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*

Қазақстан Республикасы Бағалы  
қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы  
Директоратының 2000 жылғы 30  
қазандағы N 702 қаулысымен  
бекітілді

**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың бизнес-жоспарларына қойылатын ТАЛАПТАР**

(Нұсқаулық)

Осы Нұсқаулық "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу кезінде заңды тұлғаларға қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 03 қазандағы N 156а қаулысының 2-тармағы 4) тармақшасын орындау үшін әзірленді және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын немесе аталған қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйым үшін:

1) оның бизнес-жоспарын (оның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметін экономикалық негіздеу) жасаудың және өзгертудің т ә р т і б і н ;

2) оның бизнес-жоспарына қойылатын талаптарды белгілейді.

**1 - т а р а у . Ж А Л П Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р**

**БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ**

1. Осы Нұсқаулықта қолданылған ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) "Компания" - зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компания; немесе "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ы, егер ол өзінің зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте дербес жүзеге асырған жағдайда ; немесе

зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алуға ниет білдірген ұйым;

2) "Ұлттық комиссия" - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы;

3) "Қор" - жинақтаушы зейнетақы қоры.

2. Компанияның бизнес-жоспарын:

1) оның атқарушы органы экономиканың, рыноктардың және Компанияның ағымдағы және перспективалық жай-күйіне талдау жасаудың негізінде жасайды;

2) Компания акционерлерінің жалпы жиналысында бекітіледі;

3) Ұлттық комиссиямен келісуге жатады.

3. Компания акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген оның бизнес - жоспары келісу үшін әрқайсысы мынадай екі дәптерден тұратын (тігілген, Компанияның алқалы атқарушы органы мүшелері (Компанияның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) қол қойған және оның мөрімен расталған) екі данада Ұлттық комиссияға ұсынылады:

1) осы Нұсқаулықтың 8 және 9 тармақтарына сәйкес бизнес-жоспардың 1 және 2 бөлімдерінің мәліметтері енгізілген дәптер;

2) Компания қызмет көрсететін немесе онымен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт жасасуға ниет білдірген әрбір жеке Қор бойынша осы Нұсқаулықтың 11-тармағына сәйкес бизнес-жоспардың 3-бөлімінің мәліметтері енгізілген дәптер (егер 3-бөлімнің мәліметтерінде жекелеген Қорлар туралы ақпарат бар болған жағдайда);

3) осы Нұсқаулықтың 13-тармағына сәйкес бизнес-жоспардың 4-бөлімінің мәліметтері енгізілген дәптер.

4. Бизнес-жоспардың Ұлттық комиссиямен келісілген бір данасы оған беріледі, екінші данасы Ұлттық комиссияда қалады. Компанияның бизнес-жоспарының Ұлттық комиссиямен келісілгендігінің растамасы мыналардың бар болуы болып табылады:

1) бизнес-жоспардың әрбір жеке дәптерінің сыртқы парағында: "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен келісілді" жазбалар, Ұлттық комиссия Төрағасының немесе оның міндетін атқаратын Ұлттық комиссияның атқарушы директорының қолдары және бизнес-жоспар келісілген күндер;

2) бизнес-жоспардың әрбір жеке дәптерінің соңғы парағының сыртында: Ұлттық комиссия мөрінің таңбасы (жартылай тігістің түйініне жапсырылған жапсырма қағазға жартылай параққа қойылған).

5. Компания өзінің қызметін тек қана оның акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген және Ұлттық комиссиямен келісілген өзінің бизнес-жоспарына (бұдан әрі "бекітілген және келісілген бизнес-жоспар" деп аталады) сәйкес жүзеге асыруға құқылы.

6. Компания Компанияның қызметіне өзіне берілген өкілеттіктің шеңберінде бақылау жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның бірінші талап етуі бойынша бекітілген және келісілген бизнес-жоспарды ұсынуға міндетті.

Компания ол қызмет көрсететін немесе онымен зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға шарт жасасуға ниет білдірген Қордың бірінші талап

етуі бойынша мазмұнына бизнес-жоспардың 1 және 2 бөлімдерінің, сондай-ақ бизнес-жоспардың 3-бөлімінің осы Қорға қатысты бөлігінің мәліметтері енгізілген бекітілген және келісілген бизнес-жоспардың түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуға міндетті.

Компания онымен кастодиандық шарт жасасқан немесе жасасуға ниет білдірген кастодиан-банктің бірінші талап етуі бойынша мазмұнына бизнес-жоспардың 1 және 2 бөлімдерінің мәліметтері енгізілген бекітілген және келісілген бизнес-жоспардың дәптерлерінің түпнұсқасын немесе нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуға міндетті.

7. Компанияның бизнес-жоспарын өзгерту осы Нұсқаулықтың 2-4 тармақтарында белгіленген рәсімдерге сәйкес жүргізіледі.

Компания бизнес-жоспарының 1-бөлімінің мәліметтері өзгерген жағдайда шұғыл түрде өзінің бизнес-жоспарына өзгеріс енгізуге міндетті.

## **2-тарау. БИЗНЕС-ЖОСПАРДЫҢ МАЗМҰНЫ**

8. Компанияның бизнес-жоспарының "Компания туралы жалпы мәліметтер" бөлімінде мынадай мәліметтер болу керек:

1) Компанияның толық атауы (оны заңды тұлға ретінде Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес);

2) Компанияның қысқаша атауы (оны заңды тұлға ретінде Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес немесе аталған Куәлікте Компанияның қысқаша атауы болмаған кезде Компанияның мемлекеттік тіркеу органы растаған құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) Компанияның оған Ұлттық комиссия берген кодтары (осындайлар бар болған кезде);

4) Компанияны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер (оны заңды тұлға ретінде Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес):

соңғы мемлекеттік тіркеу( қайта тіркеу) күні және нөмірі;  
мемлекеттік тіркеу органының атауы;  
О К П О коды;  
бастапқы мемлекеттік тіркеу күні;

5) Компанияның тіркеліп орналасқан жері (оны заңды тұлға ретінде Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес);

Компанияның нақты орналасқан жері (егер ол тіркелгеннен басқаша болса);  
Компанияның пошталық мекен-жайы (егер ол Компанияның нақты орналасқан жерінен басқаша болса);

6) Компанияның коммуникациялық реквизиттері (телефондарының, факстерінің, телекстерінің, телетайптарының нөмірлері, электрондық поштананың мекен-жайы және басқа да ықтимал коммуникациялық реквизиттері);

7) Компанияның банктік реквизиттері (қызмет көрсететін банктің (банктің филиалының) атауы, мекен-жайы және төлем реквизиттері, банктік шоттың н ө м і р і ) ;

8) Компанияның жарияланған жарғылық капиталы (мемлекеттік тіркеу органы растаған құрылтай құжаттарына сәйкес) және оның акцияларын шығарудың нысаны ;

9) Компанияның жарияланған жарғылық капиталының құрылымы (Компания акцияларының эмиссиясын Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке сәйкес немесе ол болмаған кезде мемлекеттік тіркеу органы растаған құрылтай құжаттарына және өзге де ықтимал құжаттарға сәйкес):

Компанияның шығаруға жарияланған акцияларының түрлері, санаттары және атаулы құны ;

Компанияның шығаруға жарияланған акцияларының түрлері және санаттары бойынша саны ;

Компанияның шығаруға жарияланған акцияларының әрбір жекелеген түрлерінің және санаттарының жиынтық атаулы құны;

10) Компания акцияларының эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер (осындай бар болған кезде):

Компания Акцияларының эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің күні және нөмірі немесе Ұлттық комиссияның Компания акцияларының эмиссиясын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы хатының күні және нөмірі;

Компания акцияларының эмиссиясына (эмиссияларына) Ұлттық комиссия берген ұлттық біріздендіру нөмірі (ұлттық біріздендіру нөмірлері);

Компанияның акциялары эмиссиясының проспектісін Ұлттық комиссия тіркеген нөмір (эмиссияларының проспектілерін тіркеу нөмірлері);

Компания акциялары эмиссиясының Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімдегі нөмірі (эмиссияларының нөмірлері);

11) Компанияның шығарылған (төленген) жарғылық капиталы (бухгалтерлік есеп жүргізу мәліметтеріне сәйкес) және оның құрылымы:

Компанияның шығарылған акцияларының түрлері және санаттары бойынша саны ;

Компанияның шығарылған акцияларының әрбір жекелеген түрлерінің және санаттарының жиынтық атаулы құны;

Компанияның шығарылған акцияларын орналастырудың басталған және аяқталған күні ;

12) Компанияның акцияларды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есебін бекіту туралы мәліметтер (осындай бар болған кезде) :

Ұлттық комиссияның Компания акцияларын шығарудың және

орналастырудың қорытындылары туралы есебін бекіту туралы не оны бекітуден бас тарту туралы хатының күні және нөмірі;

Компанияның шығарылған акцияларының жиынтық атаулы құны (Компания акцияларын шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есебіне с ә й к е с ) ;

13) Компанияның акционерлері туралы мәліметтер: заңды тұлғалар - Компанияның акционерлеріне қатысты: толық атаулары (оларды заңды тұлға ретінде Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес; Қазақстан Республикасының резидент еместері үшін - олардың заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгендігін растайтын құжаттарға с ә й к е с ) ;

тіркеліп орналасқан жері (оларды заңды тұлға ретінде Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес; Қазақстан Республикасының резидент еместері үшін - олардың заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгендігін растайтын құжаттарға с ә й к е с ) ;

нақты орналасқан жерлері (егер олар тіркелгеннен басқаша болса); заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер: соңғы мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күндері және нөмірлері, мемлекеттік тіркеу органдарының атаулары, Қазақстан Республикасының ұйымдары үшін - ОКПО кодтары; жеке тұлға - акционерлерге қатысты:

аты-жөндері (жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес; ТМД мүшелері - елдерден басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар үшін - а ф ы л ш ы н т і л і н д е ) ;

т ұ р ғ ы л ы қ т ы ж е р л е р і ;

жеке басын куәландыратын құжаттарының мәліметтері; барлық акционерлерге қатысты (заңды да жеке де тұлғалар): коммуникациялық реквизиттері (телефондарының, факстерінің, телефакстерінің, телекстерінің, телетайптарының нөмірлері, электрондық поштананың мекен-жайы және басқа да ықтимал коммуникациялық реквизиттері);

14) акциялардың түрлерін және санаттарын көрсете отырып шығарылған акцияларды акционерлердің арасында бөлу туралы мәліметтер;

15) атқарып отырған қызметтерін көрсете отырып Компания органдарының: директорлар кеңесінің, басқарманың (ол бар болған кезде), тексеру комиссиясының (тексерушінің) сандық және жеке құрамдары;

16) Компания аудиторының толық атауы (оны заңды тұлға ретінде Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес), аудиторлық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензияның берілген күні және нөмірі, Компанияның аудиторымен жасасқан шарттың күні және нөмірі;

17) Компанияның ұйымдық құрылымы және штаттық кестесі: құрылымдық бөлімшелер басшыларының және олардың орынбасарларының лауазымдарын және аты-жөндерін, лауазымдардың атауларын және құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің санын көрсете отырып Компанияның (оның филиалдарын қоса отырып) құрылымдық бөлімшелерінің атауы және негізгі функциялары;

18) Компанияның басқа тұлғаларға немесе тұлғалар тобына (қарапайым серіктестіктерге, консорциумдарға және басқаларға) қатыстылығы туралы және еншілес серіктестік немесе тәуелді акционерлік қоғам мәртебесінің бар екендігі туралы ақпарат. Осындай ақпаратты ашудың дәрежесін Ұлттық комиссия а й қ ы н д а й д ы ;

19) Компанияның қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктеріне және мүшелік принципін пайдаланатын ұйымдарға (қор биржаларына және басқаларға) мүшелігі туралы мәліметтер;

20) Компанияның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ақпарат (акционерлік қоғамдардың акцияларын иелену және шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталдарындағы үлестерінің бар екендігі туралы): осындай заңды тұлғалардың атауы және орналасқан жері; Компанияға тиесілі акциялардың түрлері және санаттары немесе Компанияның шаруашылық серіктестіктеріндегі үлестерінің мөлшері; Компанияға тиесілі акциялар немесе шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталдарындағы үлестері бойынша дауыс беру құқықтарын шектеулердің бар екендігі. Осындай ақпаратты ашудың жеткіліктілік дәрежесін Ұлттық комиссия Компанияның келісуге ұсынған бизнес-жоспарын қарау барысында айқындайды;

21) Компания алып отырған үй-жайлар туралы мәліметтер: қабаттылығы, ауданы, жай-күйіне қысқаша сипаттама ("жөндеуші қажет етпейді", "ішінара жөндеуді (өңдеуді) талап етеді", "күрделі жөндеуді талап етеді"), үй-жайды алудың шарттары (меншіктеу немесе жалға алу құқығында);

22) байланыс жолдарының, компьютерлік желілердің сипаттамаларын және бағдарламалық өнімдердің көздерін қоса отырып Компанияның технологиялық қамтамасыз етілуі туралы негізгі мәліметтер; Компанияның бағдарламалық-техникалық және коммуникациялық құралдарының қаржы рыногының инфрақұрылымы институттарының (қор биржасының, орталық депозитарийдің және басқармаларының) бағдарламалық-техникалық және коммуникациялық құралдарымен өзара әрекет жасау (қоса атқарушылық) дәрежесі туралы мәліметтер; бағдарламалық-техникалық және коммуникациялық құралдарды пайдалану (меншіктеу немесе жалға алу құқығында) шарттары туралы мәліметтер. Осындай мәліметтердің жеткіліктілік дәрежесін Ұлттық комиссия Компанияның келісуге ұсынған бизнес-жоспарын қарау барысында а й қ ы н д а й д ы ;

23) Компанияның бағдарламалық-техникалық құралдарына (оның ішінде мәліметтердің электрондық жиынтығына), құжаттарына және мұрағаттық құжаттарына қол жеткізуді реттейтін жүйелер туралы негізгі мәліметтер;

24) резервтік көшіру, резервтік технологиялық күштер және резервтік көшірмелерді сақтау тәсілдері туралы мәліметтерді қоса отырып, Компанияның бағдарламалық-техникалық құралдарының (оның ішінде мәліметтердің электрондық жиынтығының), құжаттарының және мұрағаттық құжаттарының сақталысын қамтамасыз ететін Компанияның қауіпсіздік жүйесі туралы негізгі мәліметтер. Осындай мәліметтердің жеткіліктілік дәрежесін Ұлттық комиссия Компанияның келісуге ұсынған бизнес-жоспарын қарау барысында айқындайды;

25) Компания инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерін сақтандыру туралы мәліметтер (осындай бар болған кезде): сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарының атаулары; сақтандырудың түрлері, шарттары, мерзімдері және құны; зейнетақы активтерін сақтандыруды сипаттайтын өзге де м ү л і к т і к м ә л і м е т т е р .

9. Компания бизнес-жоспарының "Экономикаға және рыноктарға талдау жасау" 2-бөліміне мынадай мәліметтер енгізілуі керек:

1) экономикаға және қаржы рыноктарына және олардың даму үрдісіне жалпы т а л д а у ж а с а у ;

2) мемлекеттік бағалы қағаздар рыногына және оның даму үрдісіне талдау ж а с а у ;

3) мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногына және оның даму үрдісіне т а л д а у ж а с а у ;

4) банктік депозиттер (депозиттік сертификаттар) рыногына және оның даму үрдісіне т а л д а у ж а с а у ;

5) зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген өзге де қаржы құралдарының рыноктарына және олардың даму үрдісіне талдау жасау;

6) еңбек рыногына және оның даму үрдісіне талдау жасау;

7) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар арасындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жасау және Компанияның нақты және жобаланған күшті және әлсіз жақтарын көрсете отырып Компанияның зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтер рыногындағы ағымдағы ү л е с і н і ң с и п а т т а м а с ы .

10. Компания бизнес-жоспарының 2-бөлімінде келтірілген экономикаға және рыноктарға талдау жасау қажет болған кезде құжаттармен немесе ақпарат көздеріне жасалған сілтемелермен растауы керек.

11. Компания бизнес-жоспарының "Компанияның инвестициялық, маркетингтік және технологиялық саясаты" 3-бөліміне мынадай мәліметтер



енгізілу

керек:

1) Компанияның экономикаға және қаржы рыноктарына және олардың даму үрдісіне талдау жасаудың негізінде әзірленген инвестициялық саясатының нақты сипаттамасы;

2) Компанияның зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар арасындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жасаудың негізінде әзірленген маркетингтік саясатының нақты сипаттамасы (маркетингтің тәсілдерін және жарнаманы қоса отырып);

3) Компанияның маркетингтік саясатының негізінде жасалған, Компанияның маркетингке және жарнамаға арналған қысқа мерзімді бюджеті, сондай-ақ Компанияның маркетингке және жарнамаға арналған орта мерзімді бюджетінің жобасы;

4) компанияның технологиялық саясатының сипаттамасы;

5) Компанияның маркетингтік саясатының негізінде жасалған, Компанияның бағдарламалық-техникалық және коммуникациялық құралдарды сатып алуға және жетілдіруге ("апгрейд") арналған қысқа мерзімді бюджеті, сондай-ақ Компанияның бағдарламалық-техникалық және коммуникациялық құралдарды сатып алуға және жетілдіруге ("апгрейд") арналған орта мерзімді бюджетінің жобасы.

12. Келісуге ұсынылған бизнес-жоспардың 2 және 3 бөлімдерінде Компания келтірген мәліметтерді ашудың жеткіліктілік дәрежесін Ұлттық комиссия оны қарау барысында айқындайды.

13. Компания бизнес-жоспарының "Ағымдағы күнтізбелік жылға (айларға және тоқсандарға бөле отырып) және келесі үш жылға (жылдарға бөле отырып) қаржылық жоспар (болжам)" 4-бөліміне мынадай мәліметтер енгізілу керек:

1) Компанияның ағымдағы қаржылық жай-күйін және ол инвестициялық басқаруға қабылдаған зейнетақы активтерінің жай-күйін сипаттайтын құжаттар;

2) Компания инвестициялық басқаруға қабылдайтын зейнетақы активтері көлемінің жоспары (болжам);

3) Компанияның жоспарланған (болжалған) ақша ағымдары (оптимистік, пессимистік және салықтарды және резервтік капиталға аударымдарды ескерумен өзге де ықтимал варианттар);

4) Компания табыстарының жоспары (болжамы) (табыс көздерін көрсетумен);

5) Компания шығыстарының жоспары (болжамы) (шығыс мақсаттарын көрсетумен);

6) залалсыздық нүктелеріне талдау жасау;

7) тәуекелдерді бағалау, оның ішінде қаржы құралдары бойынша табыстылықтың төмендеу тәуекелдерін, қаржы құралдарын сату кезіндегі баға

тәуекелдерін, үшінші тұлғалардың қызметін төлеу кезіндегі баға тәуекелдерін, инфляциялық тәуекелдерді, валюталық тәуекелдерді, бәсекелестік тәуекелдерін, Компанияның техникалық және операциялық қателерінің тәуекелдерін және басқа да ықтимал тәуекелдерді;

8) негізінде осы тармақтың 2)-7) тармақшаларында көрсетілген құжаттар жасалған жорамалдарға сипаттама.

14. Компанияның келісуге ұсынылған бизнес-жоспарын қарау кезінде Ұлттық комиссия осы Нұсқаулықтың 13-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды аудиторлық қорытындылармен растауды талап етуге құқылы.

15. Компанияның бизнес-жоспарының 4-бөлімінде келтірілген қаржылық жоспар (болжам) қажет болған кезде түсіндірмелермен, құжаттармен және ақпарат көздеріне сілтемелермен растау керек.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*